

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Табеев Т.П.

**Агроөнеркәсіп кешенінің экономикалық дамытудың маңыздылығы тұрақтылықты қамтамасыз ету**

Мақалада жаһандану жағдайында агроөнеркәсіптік кешенің дамытудың экономикалық ролі қарастырылған. Оның ішінде агроөнеркәсіптік кешен дамуының отандық тәжірибелеріне және АӨК проблемаларына көңіл бөлінген. Аграрлық өндіріс қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісінің жалпы жүйесі және осы жүйенің даму заңдарына сәйкес дамиды. Аграрлық өндіріс, көбінесе тұтыну заттарын өндіретін саладан өндіріс құралдарын өндіретін салаға айналады. Сондықтан, бұл тек өндіріс саласы ғана емес, сонымен қатар тұрғындардың көп бөлігінің тіршілік ету ортасы. Агроөнеркәсіп бірлестіктерінің дамуы, бір жағынан өнеркәсіп-сауда фирмаларының ауыл шаруашылығы өндірісіне енуімен, екінші жағынан, ірі фермерлік капиталдың агроөнеркәсіп кешенінің ауыл шаруашылығы емес салаларына кірігуімен негізделеді. Ал ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейі тікелей мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына әсер етеді. Жаһандану жағдайында азық-түлік қауіпсіздігі әлемдік мәселеге айналып отырғандықтан, бұл тақырыптың өзектілігі жоғары екендігі айқын.

**Түйін сөздер:** Агроөнеркәсіптік кешен, әлемдік агро-азық-түлік нарығы, диверсификация, агроөнеркәсіптік интеграция, азық-түлік қауіпсіздігі.

Beisenbev J.T.,  
Tabeev T.P.

**Importance of providing of economic stability with development of agroindustrial complex for translation**

The article deals with the economic role of agro-industrial complex in the context of globalization. Special attention is paid to national and international experience in the development of agro-industrial complex. Agro-industrial complex is the main area of high potential of the economy in the country, and has great possibilities. Now, about 43, 0 percent of the people are about one third of the economically active population.

Agribusiness is a common production system total capital and develops according to the law of the system. In many cases, the agribusiness changes of consumer goods production to the manufacturing sector of economic resources. Thus, it is not only the production. It is also the environment of the population. And the level of agricultural production has a direct impact on the state of food security in the country. Now, food safety has become a global aspect in the context of globalization, therefore, subject of the article is very relevant.

**Key words:** Agriculture, the international not food market, diversity, agro-industrial integration, a food security.

Бейсенбаев Ж.Т.,  
Табеев Т.П.

**Важность обеспечения экономической стабильности с развитием агропромышленного комплекса**

Агропромышленный комплекс (АПК) — крупнейший межотраслевой комплекс, объединяющий несколько отраслей экономики, направленных на производство и переработку сельскохозяйственного сырья и получения из него продукции, доводимой до конечного потребителя. В статье рассмотрены экономическая роль развития агропромышленного комплекса в условиях глобализации. Особо уделяется внимание отечественному опыту развития агропромышленного комплекса и проблемы развития АПК Казахстана.

Развитие и становление рыночной экономики в наших странах уже давно поставило во главу деятельности практически любого предприятия удовлетворение нужд и потребностей покупателей. Все фирмы, не осознавшие вовремя приоритетность этой постановки, не смогли удержаться в современной конкурентной среде. В связи с этим в настоящей статье раскрываются особенности агропромышленной интеграции ЕАЭС. Также в работе рассматриваются опыт зарубежных стран по изучению и использованию на практике принципов и методов экономического развития, даны рекомендации по разработке стратегий агропромышленной интеграции ЕАЭС.

**Ключевые слова:** агропромышленный комплекс, международный агропродовольственный рынок, диверсификация, агропромышленная интеграция, продовольственная безопасность.

**АГРОӨНЕРКӘСІП  
КЕШЕНІН  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ  
ДАМУДЫҢ  
МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ  
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

Экономикада әрбір жүйе мен құрылымның атқаратын негізгі мақсаты мен міндеттері бар. Олардың әрбірі жалпы экономиканың тиімділігін арттыру үшін, жаһандық ортада бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін, халықтың игілігі үшін қызмет етуі заңды.

Агроөнеркәсіптік кешені халық шаруашылығының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірумен, сақтаумен, қайта өңдеумен, және тұтынушыға жеткізумен айналысатын салалар жиынтығы. Агроөнеркәсіптік кешен құрылымы үш негізгі салаларды біріктіреді. Бірінші салаға трактор және ауыл шаруашылығы машиналарын жасау, минералдық тыңайтқыштар және өсімдік пен малды қорғаудың химиялық құралдары, ауылдық құрылыс, өндірістік мал азығын өндіру және микробиология, сондай-ақ, суландыру құрылысы сияқты қорды қажет ететін салалар кешені кіреді. Екінші саланы ауыл шаруашылық өндірісінің салалары – егін шаруашылығы, мал шаруашылығы және ауыл шаруашылық мал азығын өндіру секілді салалар кешені құрайды. Үшінші сала ауыл шаруашылығы шикізаттарын дайындау, тасымалдау, сақтау және өңдеу мен өткізуді қамтамасыз ететін салалар мен өндірістің жиынтығы болып табылады.

Ауыл шаруашылығы шикізаттарынан азық-түлік және басқа да тауарлар өндірісінің жаңа жүйесі бойынша біріншілік өнім өндіру тек аграрлық өндіріс қызметіне жатады. Ал, осы өнімнің аз бөлігі ғана тұтынушыға таза түрінде жетеді де көп бөлігі техникалық өңдеуден өтеді. Ауыл шаруашылығы өндірісі оңашаланған өзін-өзі ұдайы өндіретін жүйеден жаңа ұдайы өндірістік жүйенің буынына айналады. Сонымен, жаңа қоғамдық еңбек бөлінісінің арқасында, аграрлық өндіріс қоғамдық капиталдың ұдайы өндірісінің жалпы жүйесіне кіреді және ол осы жүйенің даму заңдарына сәйкес дамиды болады. Бұған қоса, аграрлық өндіріс, көбінесе тұтыну заттарын өндіретін саладан, өндіріс құралдарын өндіретін салаға айналады [1]. Алайда, АӨК – бұл тек өндіріс қана емес, сонымен қатар тұрғындардың көп бөлігінің тіршілік ету ортасы. Ауыл шаруашылығы өндірісінің деңгейі тікелей мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігі жағдайына әсер етеді. Ауыл шаруашылығы өндірістік күшінің дамуының ең төменгі сатысында тұрған – статикалық саласы, оған өзгермелі экономикалық және

технологиялық жағдайлар баяуырақ әсер етеді. Сондықтан аграрлық сектор дәстүрлі түрде халық шаруашылығының басқа салаларының ішінде ерекше орын алады.

Зерттеуші ғалымдардың бір тобы АӨК-ді жалпы ауыл шаруашылығы экономикасының құрылымында қарастырса, енді бірі керісінше ауыл шаруашылығын агроөнеркәсіптік кешеннің құрылымында қарастыру керек деген пікірді алға тартады. Әрине, қалай алып қарасақ та бұл екі сала бір-бірімен өте тығыз байланысты, әрі бір-бірінің толықтырушы құрамды бөлігі іспетті көрінеді.

Агроөнеркәсіп кешенінің өндірістік және экономикалық мүмкіндігі аса жоғары. Ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің пайдалануында барлығы 197,3 млн.га. жер, оның ішінде 35,5 млн.га егістік бар. Халық шаруашылығында еңбек ететін халықтың 35%-ы агроөнеркәсіп кешенінде. Ауыл шаруашылығы саласының басқа материалдық өндіріс саласынан негізгі айырмашылығы – жер – басты өндіріс құралы, еңбек заты, еңбек құралы болып табылады. Ауыл шаруашылығына жарамды жер көлемі өте шектеулі, олар табиғи және экономикалық құнарлылығы бойынша бөлінеді. Өнімді жерлердің құндылық сипаты олардың бонитеті нәтижесінде белгілі болады. Жер құнарлылығының кейінгі маңызды көрсеткішіне жердің орналасу аумағы жатады.

Елімізде 2008 жылы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заң қабылданып, оны қаржыландыру мәселесі шешілді. Осының нәтижесінде салаға инвестициялар келе бастады, банктердің де аграрлық салаға көзқарасы өзгерді. Мұның айғағы, соңғы жылдары ауыл шаруашылығындағы ЖІӨ көлемі үнемі өсу үстінде. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 70%-дан астамы халық шаруашылығында (саланың шаруашылық субъектілері 49%) және шаруа қожалықтарында (22,8%) өндіріледі. Ірі ауыл шаруашылығы кәсіпорындары жалпы өнімнің тек 28 % өндіреді, бұл негізінен астық. Шын мәнінде барлық мал басы жеке аулаларда өсіріледі. Мал басы құрамының барлық түрлері бойынша өсім байқалады, оның ішінде 1990 жыл деңгейімен салыстырғанда толық қалпына келтірілген және 10 %-ға көбейген түйе өсіру шаруашылығы. Ірі қара малы, қой мен ешкі, құс, шошқа басы орташа алғанда 90 жылдардың көрсеткіштерінен 40-60% құрайды, жылқы басы 2015 жылы бұрынғы деңгейден 90 %-ға өсті. Оның ішінде соғымдыққа ет бұдан екі есе өндіріледі.

Агроөнеркәсіптік өндірісті дамытуда мүмкіншіліктерді кеңейту, агроөнеркәсіптік кешені құрылымын қалыптастыруға бағытталған ауқымды мемлекеттік инвестициялау, соның ішінде шетелдік инвесторларды ынталандыру бүгінгі күннің талабы.

Елімізде аграрлық ғылым жүйесі де агроөнеркәсіп кешені дамыту мақсатында жаңадан реформаланғаны белгілі. Аграрлық салаға қызмет етіп жатқан барлық ғылыми-зерттеу институттары негізінде «Қазагроинновация» АҚ құрылды. Негізгі қызметі – аграрлық саладағы ғылыми ұйымдардың қызметін үйлестіре отырып, аграрлық саланы дамытудың стратегиялық бағыттарын, ғылыми жаңалықтарды коммерциаландыру, ғылыми идеяларды трансферттеу және бүгінгі күнге бейімдеу болып табылады.

Соңғы жылдардағы Қазақстанның АӨК дамуы оң нәтижелерді көрсетті, алайда сыртқы қауіптердің күшеюіне, ішкі тәуекелдердің сақталуына, әлемдік агро-азық-түлік нарығының дамуына қарай мемлекеттік қолдау шараларын оңтайландыру, аграрлық өндірісте интеграция мен кооперация үдерістерін ынталандыру, оны табиғи-климаттық және әлеуметтік-экономикалық факторларға сәйкес диверсификациялау қажет.

Ауыл шаруашылығы құрамы санының өзгергенін атап өткен жөн: мемлекеттік емес кәсіпорындар саны 5 мың бірлік деңгейінде тұрақтанды, шаруа қожалықтары шамамен –175 мың бірлікке жуық, халық шаруашылығы – 2,4 млн. бірлікке жуық мөлшерді құрайды. Соңғы үш жылда, яғни 2009 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі аралықта, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтары өнім өндіру мен мал басы өнімділігі индексінің ең күшті қарқынын көрсетті. Оның ішінде шаруа қожалықтары мен жеке шаруалар көкөніс өнімін өндіруде ең күшті қарқын көрсетті. Бұл өндірілетін өнімге, қайта өңдеу инфрақұрылымының даму деңгейіне, өнім шығаруға және өндіріс құралдарының болуына байланысты агротехникалық және технологиялық талаптарды есепке ала отырып, барлық шаруашылықтандыру түрлеріне кешенді негізде дамыту қажеттілігін растайды. Жалпы алғанда ауылшаруашылығы кәсіпорындары нарық белгілеріне тез әрекет етеді және азық – түлік балансын болжау жүйесі болғанда АӨК мемлекеттік қолдау жүйесін оңтайландыруға және қаржыландыру тиімділігін арттыруға, инвестицияларды тартуды қамтамасыз етуге, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп үшін тұрақты шикізат базасын қалыптастыруға болады.

Дамыған елдерде АӨК құрылымы фермерлік шаруашылықтардан, ұсақ, орта және ірі кооперативтерден, акционерлік агроөнеркәсіптік бірлестіктерден тұрады. Кооперативтер (ең алдымен ірі) және акционерлік қоғамдар белгілі мемлекеттік қолдау кезінде прогрессивтік технологияларды, ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарды, асыл тұқымды және тұқымдық шаруашылықты дамытуда бас тапсырыс берушілер мен инвесторлар ретінде қатысады, олар АӨК инфрақұрылымының негізі болады, онсыз фермерлік қожалықтар мен ұсақ, орта және ірі кооперативтер мүлдем әрекет ете алмас еді [2].

Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығын қалыптастыруда ең негізгі факторлар – шаруашылықтың құрылымы мен оның әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Тәжірибе көрсеткендей, кешенді, тиімді жұмыс жасайтын инфрақұрылымды құру мен оның қызмет етуі шаруашылықты машиналар мен жабдықтарды сатып алу, оларға қызмет көрсету мен жөндеуді жүзеге асырудан, көп еңбекті қажет ететін операцияларды орындаудан, қымбат және ауыр техниканы күтіп ұстаудан, өнімді шығаруды жүзеге асырудан босатады. Сервистік қызметтер инфрақұрылымын дамыту шаруашылықтың әлдеқайда тиімді және пайдалы құрылымын қалыптастыруға жағдай жасайды.

Әлемде экономикалық қауіптер күшейген жағдайда азық-түлік қауіпсіздігін және оның дербестігін тұрақты қамтамасыз етуде еліміздің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту саласында саясатты жоспарлау және оны іске асыру сапасы болып табылады. Қазақстан үшін азық-түлік тауарлары, машиналары мен жабдықтарының маңызды үлесін имараттауға тәуелділік түрінде ауыл шаруашылығы және қайта өңдейтін өнеркәсіп үшін азық-түлік қауіпсіздігін нығайту негізі – отандық АӨК мен оның базалық салаларының тиімді қызмет етуін арттыру болып табылады. Елімізде АӨК дамыту мақсаты – оның барлық салалары мен секторларын тұрақты түрде дамыту. Оның ішінде ауыл шаруашылығын тұрақты дамыту материалдық, еңбек, жер және қаржы ресурстарын тиімді қайта өндіруден, технологиялық жетілдіруді жүзеге асырудан, қоршаған ортаның бүтіндігін қамтамасыз етуден тұрады, бұл ауыл шаруашылығы өнімдеріне қажеттіліктерді қанағаттандыруға және азық-түлік қауіпсіздігіне септігін тигізеді.

АӨК мен ТЭК технологиялық, экономикалық және ұйымдастырушылық байланыстарының күшеюі өндіріс көлемінің қысқаруы неме-

се энергоресурстардың қымбаттауы кезінде агроөнеркәсіп кешеніндегі дағдарыстың тереңдей түсуіне әкеп соғады. Соңғы он жылда мұнай және мұнай өнімдеріне бағалардың өсуі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру шығындарына әкелді, ал 2015 жылдан бастап тіптен инфляциялық спиральды одан сайын шиыршықтай түсті. Бидайға әлемдік бағаның екі есеге өсуі – мұндай тәуелділіктің тікелей дәлелі.

XX ғасырда әлемнің барлық дамыған елдерінде азық-түлік өндірісінің дамуы белсенді механикаландырумен және химикаландырумен, яғни энергосыйымдылықпен анықталады. Оның ішінде энергияны тұтыну тікелей түрде – электр, мұнай өнімдерін және газды қолдану арқылы және жанама түрде өндіруде энергияның көп көлемін қажет ететін химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді қолдану арқылы көрінді. Әлемдік ауыл шаруашығында энерготасымалдағыштарға бағаның өсуіне қарай энергоүнемдеу технологияларына біртіндеп көшу, топырақты кешенді техникалық және химиялық өңдеу құралдарын енгізу, мал мен құстарды өсіруге ауысты.

Мұнай өнімдеріне бағалардың қазіргі өсуі ауыл шаруашылығы өндірісіндегі кезекті технологиялық жылжуды тудыратыны сөзсіз. Ең алдымен, ол өсімдіктердің генетикалық-модифициланған түрлерін, энерго үнемдеу техникасы мен технологияларын кең түрде енгізумен байланысты болады, бұл өнім бірлігі есебімен алғанда энергия тұтыну мөлшерінің бұдан да қысқаруына мүмкіндік береді. Жалпы алғанда АӨК инновациялық дамыту селекциялық-генетикалық шығарылымдарды, өндіріс технологияларын, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарды және тұрақты дамыту принциптерін ұйымдастыруға және оларды басқаруға байланысты.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы техникасының қамтамасыздығы – АӨК тұрақты дамыту мен оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру концепциясын іске асырудың негізгі мәселесі. Сондықтан ауыл шаруашылығының машина құрау және қарқынды машина технологияларын қолдану салаларында ғылыми-зерттеу және жобалық жұмыстардың деңгейінен АӨК басқа мәселелері шешілер еді. Ол үшін жергілікті жермен айналысу, мал өсіру жағдайларына сәйкес келетін техниканы ойластыру, аграрлық өндірісте энергия көздерін пайдаланудың интеграцияланған технологияларын пайдалану қажет [3].

АӨК инфрақұрылымын дамыту қазіргі заманғы нано-, биотехнологиялардың жетістік-

тері негізінде жалпы және арнайы пайдалануға арналған экологиялық қауіпсіз, бәсекеге қабілетті азық-түлік өнімдерін өндіру кезінде ауыл шаруашылығы шикізатын сақтау және оларды қайта өңдеудің технологиялық жүйесін құруға байланысты.

АӨК экономикалық дамыту мәселелерін шешу

– мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландыру деңгейіне байланысты, ол бәсекеге қабілетті ауыл шаруашылығын арттырудың және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды және басым бағыттарын шоғырландыру негізінде стратегиялық жоспарлау принциптеріне байланысты жүзеге асырылуы тиіс.

#### Әдебиеттер

- 1 Тұраров Д.Р. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудағы шаруашылық инфрақұрылымының ролі // ҚазЭУ хабаршысы. Экономика сериясы. – 2010. – №2. – 265-269 бб.
- 2 Бейсенбаев Ж.Т. Қазақстанда агробизнестің қалыптасуы мен дамуы // экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты, Алматы, 2009. – 29 б.
- 3 Рахимжанова А. Состояние и проблемы развития АПК Казахстана // Аналитик, 2011. – №3. – С.79-82

#### References

- 1 Turarov D.R. Agroonerkasip keshenin damytudagy sharuashylyk infrakurylymynyn roli // KazEU habarshysy. Ekonomika seriyasy. – 2010. – №2. – 265-269 bb.
- 2 Beisenbaev Zh.T. Kazahstanda agrobiznestin kalyptasuy men damuy // ekonomika gylymdarynyn kandidaty gylymi darezhesin alu ushin daiyndalghan dissertatsiyanyn avtoreferaty, Almaty, 2009. – 29 b.
- 3 Rahimzhanov A. Sostoyanie i problemy razvitiya APK Kazahstana // Analitik, 2011. – №3. – S.79-82